

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№4(129)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковски Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Aimukhambet Zhanat	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Turysbek Rakymzhan	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. (Турция)
Каскабасов Сеит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Турысбек Рахимжан	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500
(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Азкенова Ж., Оразаева Қ.</i> Н. Гогольдің «Ескілікті помещиктер» повесіндегі Данте архетипі және апостасиясы	8-15
<i>Байділдаева Н., Негимов С.</i> Жетес би тағылымы	16-23
<i>Байтанасова Қ.</i> Мәтін теориясының кейбір мәселелері	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Ғалым Жайлыбай поэзиясындағы жаңа ізденістер	32-38
<i>Жапанова М., Нұрманова Ж.</i> Асанәлі Әшімовтің «Арылу прозасы»: жанрлық әртектілігі	39-46
<i>Қалиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Герольд Бельгердің шығармашылық даралығының қалыптасуы	47-52
<i>Қожашев М.</i> Жамбылдың жыршылық өнері: қалыптасуы мен ерекшелігі	53-60
<i>Мәжіева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Қазақ эпостарында полигамиялық некенің көркем бейнеленуі	61-66
<i>Найманбай А.</i> Заман шындығы: ақиқат пен көркемдік шешім сабақтастығы ...	67-72
<i>Саликжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Қазіргі қазақ жастар поэзиясындағы қоғам бейнесі	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Жыршы-жыраулар мектептерінің зерттелуі	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мәдібаева Қ., Юсуп А.</i> Ы.Алтынсариннің «Шариат-ул ислам» еңбегіндегі мұсылман ағартушылығы	87-92

Лингвистика және әдістеме

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентті есімдер: фольклордың ықпалы және әлем мәдени кеңістігіндегі орны (неміс тілі материалы негізінде)	93-98
<i>Біжкенова А., Сәбитова Л.</i> Құрылымдық бөлімшенің ғылыми қызметі - университеттің даму компоненттерін зерттеудің маңызды бағытының бірі ретінде	99-107
<i>Досжан Г.</i> Кірме сөз мәселелерін зерттеудегі интегративтік тәсілдер	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> «Тағам» атауы: лексика-семантикалық аядағы мәдени-таңба бірліктері	119-124
<i>Жұмағұлова А., Сыздықова Г.</i> Лингвэкология және медиакөңістік	125-132
<i>Жұмаханова А., Біжкенова А.</i> Бағалау - қарым-қатынастың сөйлеу актісі	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – тіл теориясы мен танымды байланыстырушы бірлік	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Атаулы грамматикалық категориялардың имплициттілігі	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Лингвофилософиялық дәстүр сабақтастығы: әл-Фарабиден В. фон Гумбольдке дейін	159-166
<i>Өтебалиева Г., Қасқабасова Х.</i> Коммуникативтік құзіреттілік - шет тілін оқыту үдерісін зерттеу аспектісі	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Рождестволық құттықтауларды талдау ерекшелігі - саяси дискурс элементі	177-184

Әдеби шолу

<i>Қайыржанов А.</i> Шәкәрім. Шынайы ізгілікті іздеу	185-189
--	---------

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Azkenova Zh., Urazayeva K.</i> Dante's archetype and apostasy in the novel of «Old World Landowners» by N. Gogol	8-15
<i>Beydildaeva N., Negimov S.</i> Jetes Biy's Edification	16-23
<i>Baitanasova K.</i> On Some Issues of Text Theory	24-31
<i>Yessenova A., Orazbek M.</i> The latest research related to the poetry of Galym Zhaylybay	32-38
<i>Zhapanova M., Nurmanova Zh.</i> Assanali Ashimov's «Confession Prose»: Genre Diversity	39-46
<i>Kalieva A., Maukeeva A., Rysbaeva A.</i> Formation of Herold Belger's Creative Individuality	47-52
<i>Kozhashev M.</i> Zhambyl's Poetic Art: Formation and Poetry	53-60
<i>Mazhyeva N., Baltabaeva Nazim, Yussup P.</i> The Art Image of Polygam Marriage in Kazakh Epics	61-66
<i>Naimanbai A.</i> Reality of the Era: Continuity of Truth and Literary Solutions	67-72
<i>Salikzhanova Sh., Karipzhanova G.</i> The image of society in modern Kazakh poetry ...	73-79
<i>Sailauova A.</i> On Research of Zhyrshy-Zhirau Schools	80-86
<i>Seisenbiyeva E., Madibayeva K., Yussup A.</i> Muslim Enlightenment in Y. Altynsarin's Works «Shariat-ul Islam»	87-92

Linguistics and methodics

<i>Abdykhanova B., Meirambekova L.</i> Precedent Names: Influence of Folklore and Its Place in World Cultural Space (based on the German language)	93-98
<i>Bizhkenova A., Sabitova L.</i> Scientific Activity of Structural Divisions as One of the Important Components in the Development of a Research University	99-107
<i>Doszhan G.</i> Integrative Approaches to Studying Borrowed Words	108-118
<i>Yerbulatova I., Salimov T</i> Culture-Marked Units of the Lexical-Semantic Field «Food»	119-124
<i>Zhumagulova A., Syzdykova G.</i> Linguoecology and Media Space	125-132
<i>Zhumakhanova A., Bizhkenova A.</i> Evaluation as a Speech act of Communication	133-140
<i>Ilyassova N.</i> Syntagma – a Unit Combining Language and Cognitive Theory	141-150
<i>Kadeyeva M., Dmitryuk N., Narozhnaya V.</i> On Implicitness of Nominal Grammatical Categories	151-158
<i>Tuleubayeva S.</i> Linguophilosophy from al-Farabi to V. von Humboldt: Continuity of Tradition	159-166
<i>Utebalieva G. , Kaskabassova Kh.</i> Communicative Competence: As an Aspect in Studying the Process of a Foreign Language Acquisition	167-176
<i>Shingareva M., Narozhnaya V.</i> Peculiarities of Analyzing Christmas Messages as an Element of Political Discourse	177-184

Literature Review

<i>Kairzhanov A.</i> Shakarim. The quest for absolute good	185-189
--	---------

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Азкенова Ж., Уразаева К.</i> Дантовский архетип и апостасия в «Старосветских помещиках» Н. Гоголя	8-15
<i>Бейдильдаева Н., Негимов С.</i> Назидания Жетес бия	16-23
<i>Байтанасова К.</i> О некоторых проблемах теории текста	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Поэзия Галыма Жайлыбая в свете новых исследований ...	32-38
<i>Жапанова М., Нурманова Ж.</i> «Исповедальная проза» Асанали Ашимова: жанровое многообразие	39-46
<i>Калиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Становление творческой индивидуальности Герольда Бельгера	47-52
<i>Кожашев М.</i> Поэтическое искусство Жамбыла: становление и особенности.....	53-60
<i>Мажиева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Художественное изображение полигамного брака в казахских эпосах	61-66
<i>Найманбай А.</i> Реальность эпохи: преемственность правды и художественного решения	67-72
<i>Саликжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Образ общества в современной казахской молодежной поэзии	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Об исследованиях сказительских школ (школ жырышы и жырау) ...	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мадиева Қ., Юсуп А.</i> Мусульманское просветительство в трудах Ы.Алтынсарина «Шариат-ул ислам»	87-92

Лингвистика и методика

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентные имена: влияние фольклора и его место в мировом культурном пространстве (на материале немецкого языка)	93-98
<i>Бижкенова А., Сабитова Л.</i> Научная деятельность структурных подразделений как одна из важных составляющих развития исследовательского вуза	99-107
<i>Досжан Г.</i> Интегративные подходы к изучению заимствованных слов	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> Культурно-маркированные единицы лексико-семантического поля «Еда»	119-124
<i>Жумагулова А., Сыздыкова Г.</i> Лингвоэкология и медиапространство	125-132
<i>Жумаханова А., Бижкенова А.</i> Оценка как речевой акт коммуникации	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – единица, связывающая теорию языка и познания	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Об имплицитности именных грамматических категорий	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Преемственность традиций в лингвофилософии: от аль-Фараби к В.фон Гумбольдту	159-166
<i>Утебалиева Г., Каскабасова Х.</i> Коммуникативная компетенция как аспект в изучении процесса усвоения неродного языка	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Особенности анализа рождественских поздравлений как элемента политического дискурса	177-184

Рецензия

<i>Каиржанов А.</i> Шакарим. Поиски абсолютного добра	185-189
---	---------

XFTAP 16.21.43:

Нағима Ильясова

Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: nagima68@mail.ru)

Синтагма – тіл теориясы мен танымды байланыстырушы бірлік

Аңдатпа. Мақалада сөйлеу ағымындағы сөздердің байланысуынан синтагмалық құрылым түзілетіні анықталады. Синтагмалық құрылымға атауыш сөздер, лексикалық мағына, когнитивтік семантика мен олардың грамматикалық байланысу жолдары негіз болатыны дәлелденеді. Синтагма грамматикалық амал-тәсілдер арқылы байланысып, коммуникативті семантиканы қалыптастыратын құбылыс ретінде ерекшеленеді. Сондықтан әрі сөйлеу бірлігі, әрі синтаксистік бірлік ретінде танылады. Сөйлеу бірлігі ретінде танымның нысанына, синтаксистік бірлік ретінде тілдің нысанына жатқызылады. Сондықтан синтагма тіл мен танымды байланыстырушы бірлік ретінде қарастырылады. Логикалық ұғым, танымдық (когнитивтік) семантика, лексикалық мағынаның синтагма құрамындағы қызметіне талдау жасалады. Олар синтагмалық құрылымның стереотиптерін анықтауға негіз болатыны көрсетіледі. Синтагма құрамында табиғи және әлеуметтік байланыстағы сөздердің тіркесетіні дәлелденеді.

Табиғи байланыстағы сөздердің тіркесінен бір ұғымның мәнін ашатын сөздердің синтагмасы қалыптасатыны, әлеуметтік байланыстағы сөздердің тіркесінен әртүрлі ұғымды білдіретін сөздердің синтагмасы қалыптасатыны анықталады. Олар нормативті синтагмалар деп танылады. Сонымен қатар, экспрессивті-эмоционалдық мәндегі сөздердің де синтагмалық құрылым түзетіні көрсетіледі. Олар оккозионалды синтагмаларға жатқызылады. Сонымен бірге, мақалада сөйлеу мен тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтары және олардың лингвистикада алатын рөлі анықталады.

Түйін сөздер: атауыш сөздер, логикалық ұғым, когнитивті семантика, лексикалық мағына, грамматикалық байланыс, коммуникативті семантика, синтаксистік бірлік, сөйлеу бірлігі, стереотип, норматив, оккозионал.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-4-141-150>

Кіріспе. Синтагма – сөйлеу ағымындағы сөздердің байланысу амалдарын анықтау мақсатынан туындаған коммуникативтік категория. Синтагманы зерттеу арқылы грамматика мен танымның және грамматика мен тілдік коммуникацияның тығыз байланысты екеніне көз жеткізуге болады.

Лингвистикада тілдік бірліктердің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жақтан тіркесу мүмкінділігін синтагма деп танушылық бар. Синтагмалық зерттеулерден оның әлі бірізге түспегенін, жүйеленбегенін байқау қиын емес. Оған лингвистика ілімінің қалыптасуына арқау болған сөйлеу мен тілді біртұтастықта зерттеу себеп болып отыр. Сөйлеу мен тіл – бір медальдің екі жағы болатыны сияқты лингвистиканың екі жағы. Алайда, сөйлеу лингвистиканың антропологиялық жүйесін, тіл құрылымдық жүйесін қалыптастырып, парадигмалық жүйе құрайды. Осыдан сөйлеудің өзіне тән зерттеу нысаны, тілдің өзіне тән зерттеу нысаны анықталмақ. Сөйлеудің лингвистикалық сипатын анықтайтын мынадай белгілерді атауға болады: біріншіден, сөйлеу адам әрекетінің индивидуалдық жағын қамтитын психофизикалық құбылыс; екіншіден, заттар мен құбылыстар туралы ақпарат берудің амалын айқындайтын құбылыс; үшіншіден, кем дегенде екі немесе одан да көп адамдардың қатысуын қажет ететін, хабар беретін ұжымдық көрініс. Өмірдегі сан алуан құбылыстар (заттар, сапалар, белгілер, қимылдар, әрекеттер) адам танымына әсер етіп, адамдар оларға ат қояды, оларды өзара байланыстырып ойын жарыққа шығарады, бір-бірімен ақпарат алмасып қарым-қатынас жасайды. Бұл – сөйлеу әрекетінің көрінісі. Адамдардың сан алуан құбылыстарға қойған атауы сөз, олардың өзара байланысы сөз тіркесі, ойдың жа-

рыққа шығуы сөйлем, мәтін деп аталатын таңбамен белгіленіп, сөйлеу әрекетінің статикалық (қозғалмайтын, өзгермейтін) қалыптағы бейнесі шығады. Сөйлеу әрекетінің статикалық қалыптағы бейнесінен тіл жүйесі анықталып, құрылымдық лингвистика қалыптасады. Сөйлеу құрылымдық лингвистиканы қалыптастырып қана қоймайды, адамға тән туа біткен қабілет болғандықтан үнемі қозғалыстағы, динамикалық процестегі лингвистикалық жүйе ретінде де ерекше мәнге ие. Адамдар қалай болса, солай сөйлемейді, айтар ойы басқаларға түсінікті болуын назарға алады. Ол үшін адамдар «қандай атауларды қолданады, оларды қалай байланыстырады» деген мәселе тұрады. Осы мәселенің шешімін синтагмалық зерттеулер көрсетеді.

Ғылыми-әдіснамалық база. Әлемдік лингвистикада синтагмалық зерттеулер 1920 жылдардан бастау алып, күні бүгінге дейін қарастырылауда. Әсіресе, орыс, француз тіл білімінде бұл мәселеге баса назар аударылған. Орыс тіл білімінде синтаксистік аспектіде қарастырылса, француз тіл білімінде фонетикалық аспектісіне басымдық берілген.

Синтагмалық зерттеулердің қай-қайсысына назар аударсақ та, олардың семантикамен, мағынамен тығыз байланыста қарастырылғанына көз жеткізуге болады. Солай болуы заңды. Ойды дұрыс жеткізуге, оны түсінуге ең алдымен, мән-мағына қызмет атқарады. Мән-мағына болмаса, адамдар бір-бірімен ақпарат алмасып, қарым-қатынас жасай алмайды. Сондықтан толық лексикалық мағынаға ие сөздердің өзара байланысуға қабілеттілігі ғалымдардың назарына ілікті. Бұл лингвистикада өте күрделі құбылыстардың қатарына жатады. Лексикалық мағынаға ие сөздердің байланысынан бір заттың атауын білдіретін күрделі сөздер, атаулық тіркестер, фразеологиялық тіркестер, терминдік тіркестер, еркін тіркестер қалыптасады. Аталған бірліктердің әрқайсысының өзіне тән мағынасы, атқаратын қызметі бар. Еркін тіркестерден басқалары – тілде номинативті қызмет атқаратын, бұрыннан жасалып қойған, енді өзгермейтін, дайын тілдік бірліктер. Олар сөйлеу ағымына түскенде де дайын күйінде жұмсалады. Ал еркін тіркестерде сөздер алдын ала байланыспайды, сөйлеушінің айтатын ойына, сөйлеу жағдаятына, ниетіне қарай байланысып, сөйлеу процесінде көрініс табады. Бәріне ортақ қасиет – толық лексикалық мағынаға ие сөздердің байланысуынан құралуы. Осыған орай, семантикалық принцип тіркесім теориясында ерекше назарға алынды. Сонау 1920 жылдардан басталған бұл теория күні бүгінге дейін осы принцип бойынша қарастырылуда. Ш.Балли [1], Қ.Жұбанов [2], Ф. де Соссюр [3], М.Велнер [4], К.М.Шилихина [5], Н.А.Ильясова [6], Л.И.Власова, т.б. еңбектерінде бұл теория коммуникативтік, функционалдық аспектіде қарастырылған. Ш.Балли «екі түрлі категорияға жататын лексикалық таңбалардың грамматикалық байланысқа түсіп, өзара бір-біріне тәуелді болуын, бірін-бірі толықтыруын» синтагма деп таниды [1]. Синтагма құрамында лексикалық бірліктердің жұмсалатыны еш дау туғызбайды. Олар атаулық қызметімен ерекшеленіп, сөйлеу құралы ретінде жұмсалады. Оған Қ.Жұбановтың мына тұжырымы дәлел: «Атты неге қоямыз? Оны заттардың өзі жоқ жерде сөз қылу үшін қоямыз. Нәрсенің, сипаттың бәрі түгел қасымызда болса, онда сөзді шығын қылмай-ақ, ымдап өте шығар едік, сонымен бірталай хабар берер едік» [2, 99 б.] Ғалым атауыш сөздердің қызметін дәл көрсеткен. Ал «атау қалай қойылады» деген мәселеге келсек, астарында танымы жатқанын байқау қиын емес. Адамзат ат қоймас бұрын заттар мен құбылыстардың белгілерін, қасиетін, жалпы сипатын танып біледі. Бұл кезде адам танымында заттар мен құбылыстар туралы кірістік ақпарат қалыптасады. Танып-білгеннен кейін оған атау береді. Атауды Қ.Жұбанов атап кеткендей, сол нәрсе туралы хабар беру үшін қояды. Осыған орай, атаудың қызметін шығыстық ақпарат беру деп танымыз. Атаулар үнемі дербес күйінде қолданылмайды, олар табиғи байланыстағы заттар мен құбылыстар, әлеуметтік байланыстағы заттар мен құбылыстар туралы ақпарат беру мақсатында өзара байланысып, сөйлеудің компонентіне айналады. Бұл кезде олар заттар мен құбылыстардың бір-біріне қатысуы туралы ақпарат (қатыстық ақпарат) береді. Бұл құбылыс синтагма теориясының қалыптасуына негіз

болады. Ендеше, синтагма құрамында толық лексикалық мағынасы бар атауыш сөздердің жұмсалуды басты белгі болып табылады. Осыған байланысты синтагма семантикалық принципке тәуелді болады. Ф де Соссюр «сөздердің сөйлеу кезіндегі тізбектелуін» синтагма деп таныса [3], М.Велнер бір мағыналық қатардағы бір-біріне қарама-қайшы келмейтін сөздер өзара тіркесіп, сезімнің, мағынаның реңкін (отенок) білдіреді деп таниды. Сөздер тіркесімінің өзіне тән стереотиптері бар екенін дәлелдейді. Кез келген сөзді айтқанда оның стереотипін анықтайтын сөздер қатары санамызда ассоциацияланатынын көрсетеді. Соның негізінде сөздер грамматикалық коррекцияға түсіп, құрылымдық жүйе құрайтынын айтады [4]. К.М.Шилихина лексикалық тіркесімділік мәтіннің семантикалық жақтан ұйымдасуын реттейтін құрал деп таниды [5]. Н.А.Ильясова семасиологиялық мәндегі сөздердің байланысуы және атауыштық мәндегі сөздердің байланысуы арқылы синтагмалық құрылым түзілетінін айтады [6]. Сонымен қатар, экспрессивтік-эмоционалдық мәні бар синтагмалардың бар екенін көрсетеді [7] Л.И.Власова синтагмалардың лексикалану процесіне түсетінін айтып, оларды лексикаланған предикативті емес біліктер және лексикаланған предикативті бірліктер түріне бөледі [8].

Синтагма құрамында толық мағынаға ие сөздердің жұмсалуды оның таныммен байланысты екенін көрсетеді. Таным болған кезде ғана мән-мағына болады. Адам сөйлегенде таныған, білген нәрсесі туралы ақпарат береді. Сондықтан синтагма сөйлеу барысындағы сөздердің байланысу жолдарын анықтап, таным мен тілдің сабақтастығын көрсететін теория ретінде ерекшеленеді.

Зерттеу нәтижелері. Синтагма арқылы таным мен тілдің байланысын айқындауға заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттерін анықтайтын танымдық семантика, заттар мен құбылыстардың бүкіл белгілері мен қасиеттерін (танымдық семантиканы) бойына жинайтын лексикалық мағына арқау болады. Мысалы, «жаңбыр» сөзі адам танымында су тамшысы, мөлдірлігі, жаууы т.б.; «кітап» сөзі парағы, жазуы, көлемі т.б.; «адам» сөзі ақылы, ойы, жасы, т.б.; басы, қолы, аяғы, т.б.; сөйлеуі, жылауы, күлуі, жүруі, жүгіруі, отыруы, тұруы т.б. сияқты көптеген белгілері, сипаты арқылы орныққан. Заттар мен құбылыстарды тануға арқау болған бұл белгілер (немесе қасиеттер) сөздегі логикалық ұғымды белгілейді. Логикалық ұғым танымдық (когнитивтік) семантиканың қалыптасуына, танымдық семантика лексикалық мағынаның қалыптасуына негіз болады. Олардың арасындағы қатынас сөйлеу кезіндегі сөздердің байланысуына арқау болады. Танымдық семантика, лексикалық мағына логикалық ұғымның көрсеткіші ретінде бейсанада орнығады да, сөйлеу кезінде ойдың жарыққа шығуына қызмет атқарады. Адамзат заттар мен құбылыстарды тек дербес күйінде ғана емес, олардың бір-бірімен әрекеттесетінін, бір-біріне әсер ететінін таныған. Сондықтан адамзат танымында заттар мен құбылыстар туралы ойлау операциялары жүзеге асып отырады. Ойлау операциялары адамның сөйлеуіне ықпал етеді. Танымның негізінде қалыптасқан атауыш сөздер сөйлеу құралы ретінде жұмсалады. Адамдар атауыш сөздерді бір-бірімен байланыстыра отырып сөйлейді. Сондықтан Ф де Соссюр «сөздердің сөйлеу кезіндегі тізбектелуіне» ерекше назар аударған [3]. Сөйлеу кезінде лексикалық мағынаға ие атаулар өзінің танымдық семантикасын білдіретін сөздермен байланысқа түседі. Мысалы: жаңбыр жауды; жаңбырдың тамшысы; кітапты оқыды, кітап жазды, адам ойлайды, адам жүрді, адамның қолы т.б. Мұнда жаңбыр, кітап, адам сөздері лексикалық мағынаға ие болып, өзін танып-білуге негіз болған танымдық семантикаға ие сөздермен тіркескен.

Нәрсенің сипатын айқындайтын танымдық семантика М.Велнер атағандай «тіркесімге тән стереотиптерді» айқындауға да негіз болады. Ғалым-жазушы кез келген сөзді айтқанда оның стереотиптік аясын көрсететін сөздер болатынын, олар тіркесім жасауға қабілетті екенін атап көрсеткен [4].

Тіркесім стереотипі лексикалық мағынадағы сөз бен танымдық семантикадағы сөздердің қатынасынан пайда болады. Лексикалық мағынаға ие сөзді айтқанда, оның мәнін

анықтайтын танымдық семантикадағы сөздер адамның санасында ассоциацияланып, лексикалық мағынадағы сөздің стереотиптік аясын көрсетеді. Мысалы:

Жаңбыр? – су, тамшы, жауу т.б.!

Кітап? – оқу, жазу, парақ т.б.!

Адам ? – сөйлеу, ойлау, күлу т.б.! Бұл сөздер бір ұғымның мәнін ашуға қызмет атқарады. Оқу, жазу т.б. сөздері кітап сөзінің мәнін ашуға; жауу, таму, т.б. сөздері жаңбыр сөзінің мәнін ашуға; ойлау, сөйлеу т.б. сөздері адам сөзінің мәнін ашуға қызмет атқарады. Сондықтан семантикалық жақтан бір-біріне тәуелді болады. Олар дербес тұрғанда да ұғым жағынан бір-біріне қатысы бар сөздер ретінде ерекшеленеді. Сөйлеу ағымына түскенде грамматикалық амал-тәсілдер арқылы өзара байланысып, синтагмалық құрылым түзеді. Синтагманың бұл түрін бір ұғымның мәнін ашатын сөздердің синтагмасы деп атаймыз. Бұл – синтагманың тіл мен танымның байланысын көрсететін бірінші ерекшелігі. Оған синтагма құрамындағы сөздердің табиғи байланыста, қатынаста тұратыны негіз болады. Бір ұғымның мәнін ашатын сөздердің синтагмасы толық лексикалық мағынаға ие болған заттар мен құбылыстардың атауы мен сол заттар мен құбылыстарға тән белгі-атаулардың (танымдық семантиканы білдіруге қызмет атқаратын сөздер) байланысынан тұрады. Семіз, арық т.б. сияқты сөздер – танымдық семантиканы білдіруге қызмет атқаратын белгі-атаулар. Олар қозғалуға қабілетті тіршілік иелеріне ғана тән. Сондықтан сөйлеу ағымында қозғалуға қабілетті сөздердің белгісі ретінде жұмсалып, сондай сөздермен ғана тіркеседі. Мысалы: семіз адам, арық мал, т.б.

Адам танымында әрбір зат пен құбылысқа тән ерекше қасиеттер (белгілер) орныққан. Олар заттар мен құбылыстардың мәнін, мағынасын анықтайтын белгілер болғандықтан, синтагма құрамында табиғи болмысқа тән заңдылықтарға сүйенеді. Мысалы: адамға тән қасиеттер (белгілер) – бас, көз, қол, аяқ, ақыл, ой, сөйлеу, жүру, т.б. болса, матаға тән қасиеттер – жұмсақтық, жыртылу. Өсімдікке тән қасиет – өсу, өлу, т.б.; жапырақ, тамыр, бұтақ; биік, аласа, жасыл т.б. Олардың қасиетін (белгілерін), сипатын салыстырсақ үлкен айырмашылық байқалады. Осы айырмашылық сөйлеу ағымында да көрініс табады. Сөйлеуде «адам» сөзіне қатысты синтагмалар өте көп қолданылады. Себебі оның мәнін анықтайтын қасиеттер көп. Мысалы: адам сөйлейді, адам жүреді, адам ойлайды, ақылды адам, адам ақылды, адамның көзі, адамның ойы, т.б. Өсімдікке қатысты синтагмалардың да қолданылуы біршама көбірек болады. Мысалы: өсімдік өседі, өсімдіктің жапырағы, биік өсімдік, жасыл өсімдік т.б. Матаға қатысты синтагмалар оларға қарағанда әлдеқайда аз болады. Себебі оның мәнін анықтайтын қасиеттер (танымдық (когнитивтік) семантика) аз. Мысалы: жұмсақ мата, мата жыртылды, т.б. Мата, өсімдік сөздері сөйлеу ағымында бас, көз, жүру, ойлау т.б. сияқты сөздермен байланыса алмайды, себебі олар матаға тән қасиеттер (когнитивтік семантика) емес. Ендеше, бір ұғымның мәнін ашатын сөздердің синтагмасында заттар мен құбылыстар және олардың қасиетін анықтайтын белгі атаулар ғана сөйлеу ағымына түсіп, өзара тіркесуге, байланысуға қабілетті болады екен.

Сонымен қатар, дербес тұрғанда ұғым жағынан бір-біріне қатысы жоқ сөздер де сөйлеу ағымына түсіп, өзара байланысады. Олар да тіл мен танымның сабақтастығын көрсетеді. Мысалы: Асқар үй салды, Құс ұя салды, Асқар кірпіш пайдаланады, Қарлығаш сазды пайдаланады т.б. десек, мұндағы Асқар салды, Құс салды, Асқар пайдаланады, Қарлығаш пайдаланады, кірпішті пайдаланады, сазды пайдаланады. Бұл синтагмаларының құрамындағы сөздер дербес тұрғанда ұғым жағынан бір-біріне қатыссыз. Салды, пайдаланды сөздері табиғат құбылыстарынан сақтану үшін, табиғат заңдарына икемдену үшін орындалатын әрекеттің атауы ретінде адам танымында орныққан. Сондықтан бұл сөздер сол әрекеттің жүзеге асуына ықпал ететін сөздермен байланысып, синтагмалық құрылым түзеген. Асқар болмаса, құс болмаса, ұя болмаса салу әрекеті жүзеге аспайды; кірпіш, саз болмаса пайдалану әрекеті де болмайды. Аталған сөздердің сөйлеу ағымына түсіп, өзара тіркесуі әлеуметтік қажеттілікті танудан туындаған. Бұл – бірінші ерекшелігі. Екінші ерекшелігінің мәні мынада: адам танымында заттық ұғымды білдіру мақсатында орныққан және дербес тұрғанда ұғым жағынан

бір-біріне қатысы жоқ сөздер де синтагмалық құрылым түзуге қабілетті болады. Мысалы: Асқардың досынан алдым; Жанардың кітабын оқыдым; Өзінің киімін тазалады т.б. дегенде Асқардың досы, Жанардың кітабы, Өзінің киімі синтагмасының құрамындағы сөздер де әлеуметтік қажеттілікті танудан туындаған атаулар ретінде орныққан. Бір зат екінші затқа әлеуметтік тұрғыдан тәуелді болып, бірі екіншісінің меншігі екенін білдіру мақсатында олар синтагмалық құрылым түзген. Синтагманың бұл түрін әртүрлі ұғымның мәнін білдіретін сөздердің синтагмасы деп атаймыз.

Бір ұғымын мәнін ашатын сөздердің синтагмасы мен әртүрлі ұғымды білдіретін сөздердің синтагмасы арасында ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Бүгін қар жауды // Бүгін Марат хат жіберді дегенде, қар жауды және Марат жіберді синтагмалары; Ағаштың жапырағы сарғайды // Мараттың кітабы жоғалды дегенде, Ағаштың жапырағы және Мараттың кітабы синтагмалары ұқсастықтар мен айырмашылықтарға ие. Ұқсастықтары: формасы бірдей. Қар жауды // Марат жіберді синтагмалары атау септігі мен жіктік жалғаудың нөлдік формалары арқылы байланысып, предикаттық қатынаста жұмсалаған. Ағаштың жапырағы // Мараттың кітабы синтагмалары ілік септік (-тың) жалғауы мен тәуелдік жалғау (-ы) арқылы байланысып, атрибуттық қатынаста жұмсалған. Айырмашылықтары: қар жауды синтагмасындағы сөздердің арасында табиғи байланыс бар. Жауу – қардың табиғатына тән белгі (когнитивтік семантикасы). Марат жіберді синтагмасындағы сөздердің арасында ондай табиғи байланыс жоқ. Жіберу сөзі Мараттың (адамның) табиғи болмысына тән емес. Ағаштың жапырағы синтагмасындағы сөздер де табиғи байланыста. Жапырақ – ағаштың табиғатына тән белгі. Мараттың кітабы синтагмасында ондай байланыс жоқ. Табиғи байланысы бар сөздер бір ұғымның мәнін ашатын сөздер ретінде синтагмалық құрылым түзеді. Табиғи байланысы жоқ сөздер әртүрлі ұғымның мәнін анықтайтын сөздер ретінде синтагмалық құрылым түзеді.

Сөйлеу ағымында ең жиі қолданысқа түсетін синтагмалар – әртүрлі ұғымның мәнін анықтайтын синтагмалар. Синтагма құрамындағы сөздердің әрқайсысы жеке тұрғанда дербестікке ие. Дербес сөздер әлеуметтік қажеттіліктің негізінде бір-біріне бағынып, синтагмалық құрылым түзеді. Сөздердің байланысуына белгілі бір объект арқау болып тұрады. Мысалы, көтеру, беру, озу, жазу, оқу т.б. сөздері – дербес тұрғанда белгілі бір әрекет туралы ақпарат беретін жеке атау. Олар белгілі бір объектіге бағынғанда ғана синтагмалық құрылым түзе алады. Мысалы: баланы көтерді; балаға берді, баладан озу; кітапты жазу, газетті оқу т.б. Синтагма құрамындағы сөздердің бірі екіншісіне бағынып, белгілі бір объектіге қатысты әрекеттің өту процесі туралы ақпарат беріп тұр. Синтагма құрамында әрекеттің өту процесіне арқау болған объект – бала, кітап, газет сөздері. Олардың орнын сөйлеу жағдаятына байланысты басқа сөздермен емін-еркін ауыстыра береміз. Мысалы: кітапты көтерді, ағашты көтерді, қызды көтерді, столы көтерді, т.б. Дербес тұрып белгілі бір әрекетті білдіретін атаулар синтагма құрамына объектінің амалға, мезгілге, мақсатқа, мекенге, бағытқа, мөлшерге қатысты екенін білдіру мақсатында жұмсалады. Мысалы: оймен шешті, жазда басталды, үйге кетті, бір-бірден алды т.б. Сөйлеу жағдаятына қарай бұлар да басқа сөздермен емін-еркін орын ауыстыруға қабілетті.

Бір ұғымның мәнін анықтайтын сөздердің синтагмасы Жанбыр жауды, Жанар айтты, Жел соқты т.б. сияқты тек предикативтік қатынастағы байланыс арқылы ғана сөйлемдер бола алады. Басқа кезде әртүрлі ұғымның мәнін білдіретін синтагмалармен өзара жымдасып қана айтылатын ойдың қабылдаушыға толық, түсінікті жетуіне қызмет атқара алады. Мысалы: Мөп-мөлдір ауада тырналардың мойындары, тұмсықтары, аяқтары анық көрініп тұр (Шыңғыс Айтматов). Сөздердің сөйлеу ағымындағы байланысын синтагмаларға мүшелеу арқылы жіктей отырып, олардың өзара жымдасу жолдарын былайша талдауға болады: Бір ұғымның мәнін анықтайтын сөздер синтагмасы: мөп-мөлдір ауа, тырналардың мойындары, тырналардың тұмсықтары, тырналардың аяқтары.

Әртүрлі ұғымның мәнін анықтайтын сөздер синтагмасы: ауада көрініп тұр, мойындары көрініп тұр, тұмсықтары көрініп тұр, аяқтары көрініп тұр, анық көрініп тұр. Екі түрлі

синтагманың жымдасып, бір ойды жеткізуіне коммуникативтік (ақпараттық, ситуациялық) семантикалары негіз болады. Семантиканың бұл түрі синтагма құрамындағы сөздердің байланысынан туындайды. Мәп-мәлдір ауа синтагмасының коммуникативті семантикасы заттың (ауаның) табиғи күйі туралы ақпарат беру; тырналардың мойындары (тұмсықтары, аяқтары) синтагмасы зат пен заттың арасындағы табиғи қатынастан туындаған меншіктілік туралы ақпарат береді; ауада көрініп тұр синтагмасы іс-әрекеттің мекені туралы ақпарат береді; мойындары (тұмсықтары, аяқтары) көрініп тұр синтагмасы іс-әрекеттің иесі туралы ақпарат береді; анық көрініп тұр синтагмасы іс-әрекеттің орындалу амалы туралы ақпарат береді. Синтагма құрамындағы осы коммуникативтік семантикалар олардың өзара жымдасып, ойдың жарыққа шығуына қызмет атқарады.

Әртүрлі ұғымның мәнін анықтайтын сөздерден тіркескен синтагмалар өзара байланысып, сөйлеу процесінің жүзеге асуына қызмет атқара алады. Мысалы: Қажымұқан Парижде лом темірді тісімен майыстырды (Қалмақан Әбдіқадыров) деген ой әртүрлі ұғымның мәнін анықтайтын сөздердің синтагмасы арқылы жарыққа шыққан. Олар: Қажымұқан майыстырды; Парижде майыстырды; лом темір, темірді майыстырды; тісімен майыстырды. Бұлар да коммуникативті семантикасы арқылы өзара жымдасып, сөйлемнің (ойдың) жарыққа шығуына қызмет атқарған. Қажымұқан майыстырды синтагмасы – іс-әрекеттің иесі туралы ақпарат береді; Парижде майыстырды – іс-әрекеттің орындалған орнын, мекені туралы ақпарат береді; лом темір – заттың сындық сапасы (жуан екені) туралы ақпарат береді; темірді майыстырды – іс-әрекеттің тура объектісіне қатысы туралы ақпарат береді; тісімен майыстырды – іс-әрекеттің орындалу амалы туралы ақпарат береді.

Синтагма құрамында семантикалық жақтан үйлесім тапқан сөздер ғана байланысады. Семантикалық үйлесімділік сөздердің лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарының ұйысымынан пайда болады. Лексикалық мағына – танымның жемісі. Таным логикалық ұғымның, логикалық ұғым танымдық (когнитивтік) семантиканың, танымдық семантика лексикалық мағынаның қалыптасуына негіз болады дегенбіз. Лексикалық мағынадан сөздердің жалпы грамматикалық мағынасы қалыптасады. Жалпы грамматикалық мағына да ұғыммен байланысты анықталатыны белгілі. Дәлірек айтқанда, лексикалық мағынаның абстракциялануынан пайда болатын мағынаны жалпы грамматикалық мағына деп атаймыз. Жалпы грамматикалық мағынасы заттық ұғымды білдіретін сөздер зат есімдер тобын; сындық ұғымды білдіретін сөздер сын есімдер тобын, сандық ұғымды білдіретін сөздер сан есімдер тобын; мезгілдік, амалдық ұғымды білдіретін сөздер үстеулер тобын; қимыл, іс-әрекеттік ұғымды білдіретін сөздер етістік тобын құрайды.

Заттық ұғымды білдіретін сөздер (зат есімдер) қимылдық ұғымды білдіретін сөздермен (етістіктермен) байланысуға қабілетті. Оқушы келді. Дәптерін көрсетті т.б. Сындық, сандық ұғымды білдіретін сөздер (сын есімдер, сан есімдер) зат есімдермен байланысуға (қызыл алма, он кітап); мезгілдік, амалдық ұғымды білдіретін сөздер (үстеулер) етістіктермен (кеше келді, биікке ұшты) тіркесуге қабілетті. Ал сын есім, сан есім, үстеу, етістік тобындағы сөздердің ұғымы біреу болғандықтан, олар бір-бірімен өзара байланыса алмайды. (бір бес, он жиырма, кеше ертең, келді жүрді түрінде байланыстыра алмаймыз.) Себебі олардың арасында семантикалық үйлесім жоқ. Түркі тілдерінде зат есімдер мен зат есімдер өзара байланысып, анықтауыштық қатынастағы есімдер тобын құрайды. Синтагма құрамындағы әрбір сөздің лексикалық мағынасы және лексикалық мағынаны анықтайтын танымдық (когнитивтік) семантикасы арқылы байланысады. Зат есімдердің лексикалық мағынасын анықтайтын танымдық (когнитивтік) семантиканың түрлері біркелкі болмайды. Бір топ зат есімдердің танымдық семантикасы бір ғана ұғымды білдіретін сөздерден тұрады. Бір топ зат есімдердің танымдық семантикасы әртүрлі ұғымды білдіретін сөздерден тұрады. Осыған орай, зат есімдердің синтагма құру статистикасын анықтауға болады. «Адам» сөзінің танымдық семантикалық өрісі гендік, физиологиялық, заттық, қимылдық,

